Қиын балаларды тәрбиелеу мәселесі ХХ ғасырдың 20–30-жж. бастап, күні бүгінге дейін педагогтардың, психологтардың және заңгерлердің зерттеулеріне арқау болып, әр жақты қарастырылып келе жатыр. «Қиын», «педагогикалық ықпалдан тыс қалған», «тәрбиесі қиын» балалар түсініктеріне келер болсақ, алдымен, қиын балалар деп тәрбиесінде кем-кетігі бар балаларды, педагогикалық ықпалдан тыс қалғандарды, тәрбиеші, ата-ана қарауынсыз қалғандарды, тәрбиесі қиын және мінез-құлқында ауытқушылықтар басым балалар қатарына жатқызуға болады. Оларды жалпы және өзіндік ерекше-ліктерге қарап бөлуге болады. Тәрбиесі қиын балалар мәселесі педагогикалық тұрғыдан Д. Дриль, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, психологтардан В.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.А. Бодолев, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, отандық педагог-ғалымдардан Г.А. Уманов, В.В. Тифонов, Л.К. Керімов, отандық психологтардан М.М. Мұқанов, Ж.Н. Намазбаева және тағы басқалар қарастырса, әлеуметтану саласы бойынша Ш.Е. Жаманбалаева өз зерттеулерінде жасөспірімдердің әлеуметтік және жеке даралық білімдері мен өмір тәжірибелерінде адамзат қоғамының жетістіктерін рухани байлықтарын игеріп, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастырып, күнделікті жүріс-тұрыстарын басқарып отыруға өз биліктері мен бостандықтарының алатын орнын айқындаған.

Л.К. Керімов өз еңбегінде қиын оқушыны жеке дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекетінің белгілі жүйесін көрсетсе, Ш.Е. Жаманбалаева мінез-құлығында ауытқушылық бар балалардың әлеуметтік аспектілерін қарастырған.

Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [2].

Аса көрнекті чех педагогі Ян Амос Коменский өзінің еңбегінде адамгершілік тәрбиесіне үлкен мән беріп қараған. Ол «Аналар мектебі» атты кітабында отбасы тәрбиесіне байланысты өз ойын білдірді.

Джон Локк өзінің «Тәрбие жөніндегі ойлар» деген еңбегінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне және адамгершілік қалыптастыру мәселесіне үлкен мән берді. Баладағы тума қасиеттерді жоққа шығара отырып, ол нәрестені не сызса сол болатын «таза тақтаға» теңеумен, тәрбиенің үлкен әсерлі күш екенін баса айтты. Ал Жан-Жак Руссо керісінше баланы табиғаттан дарынды деп таныды. Осыдан, оның ойынша, тәрбие баладағы тума қасиеттердің дамуына кедергі болмай, оған толық еркіндік беріп, әрі оның қызығулары мен құмарлығына икемделуі тиіс деген тұжырымға келді. Психология ғылымында да осыған орай көптеген зерттеулер жүргізілген болатын. Ата-анасы ие қасиеттерге баласы да ие болады. Тек, керісінше, болмыста көрінуі мүмкін. Мысалы, анасы биші бала әнші немесе музыкант, дарынды суретші болуы ықтимал.

М.Г. Песталотий педагогикада алғашқылардың бірі болып тәрбие мекемелерінде теориялық қызмет пен тәрбие іс-әрекеті бірлігінің маңыздылығын көре білді. Өзінің «Лингард пен Гертруда»

шығармасында ол тәрбиенің адамгершілікке негізделуі, балаларға сыйластық қатынас және оларда адамға деген мейірім мен қайырымдылыққа баулу хақындағы демократиялық идеяларын дамытты. Күнделікті педагогикалық қызметінде Песталоций балалардың оқуы мен тәрбиесін олардың мүмкіндігіне орай еңбекпен ұштастыруға көңіл бөлді, балалар қауымының тәрбиелік ықпалын пайдалана білуді уағыздады. Баланы еңбекке баулу оның өмірге деген құлшынысын оятып, күнделікті тіршіліктегі мәселелерді өздігінен шеше алуына көмектеседі. ХХІ ғасырдағы балалардың еңбек қабілеті өте төмен деңгейге жетіп отыр. Оның бәрі жаңа технологиялардың пайда болуы мен адамдардың оған тәуелділігімен тығыз байланысты.

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек», — дейді белгілі педагог К. Ушинский. Мектепте педагогикалық тұрғыдан ойластырылып шешілген оқу-тәрбие үрдісін шебер жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім, тәрбиеші, бүкіл мектеп ұжымы негізгі ұстанымдарды, яғни нақты сол істі басшылыққа алатын ғылыми негіздерді, табуы тиіс.

Қазіргі уақыт талабы — білім мен техниканың ерекше қарыштап дамыған заманы. Тәрбие мәселесі де қазіргі заманның өршіп тұрған мәселелерінің бірі болып тұрғаны белгілі. Себебі уақыт талабына сай оқушылар компьютермен ұялы телефонға әуестігі басым болып баратындығы жалған емес. Отбасында ата-аналары бала тәрбиесіне көңіл бөліп, күнделікті өмірі, сабағы, қайда жүргендігі жайындағы мәліметпен хабардар болып, тұрақты бақылау жүргізуді қолға алғаны жөн. Бала тәртібінің бұзылуы ата-ананы қиын жағдайларға итермелейтіндігі сөзсіз. Бұл орайда ата-анамен сынып жетекшінің атқаратын рөлі өте зор. Тәрбиелік мақсатта жүргізілетін іс-шаралар мазмұны мектеп оқушысына зор ықпал етері анық.

Қазіргі кезде педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде көмек көрсету стратегиясы ретінде сипатталады. Аталмыш стратегия педагогтың оқушы мәселесін түсініп, шешу жолын тауып, жағдаятты өзгертуге көмектеседі. Педагог оқушыға қолдау көрсетеді, оған өз мейірімін төгеді, басқаша айтқанда, сәтсіздіктер мен кедергілерге қарамастан, ең мықтысы болуға талпынатын өзіндік жеке тұлға ретінде қабылдайды. Қолдау келесідей жағдайлардан көрінеді: яғни педагог адамды емес, оның іс-әрекетін бағалайды және тұлға ретіндегі сәтсіздіктеріне қарамастан, сөзсіз, тұлға ретінде қабылдайды. Өзара ықпалдастық нәтижесі — оқушының өз-өзімен қарым-қатынасы, өзіне деген сенімділігі, өз мінез-құлқын бақылай алуы, мықты тұлға ретінде қалыптасуға деген ынтасы болып табылады. Педагог іс-әрекетінің жалпы құрылымы бірнеше кезеңдерден тұрады:

- байланыс орнату, диалог құру мүмкіндігі;
- оқушы мәселелерін, оның жеке қасиетін, сонымен қатар оған келтірілетін кедергілерді анықтап алу;
- мәселені талқылау;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Дамыта көмек көрсету негізіндегі мәселені шешуде өзара ықпалдастықтың қарым-қатынас технологиясы педагог мінез-құлқының келесі техникасын ұсынады:

- әңгімелесуге қызығушылық білдіріп, оның бетіне тіке қарауға және тындауға үйрену;
- ойындағысының барлығын айтқызу, тыныштықты сақтай біліу, оқушының жай-күйін түсінуге тырысу;
- өз көңілінді білдіре білу;
- керекті ақпаратты алу және барлығын түсінуге бағыттылған сұрақтарды қоя білу;
- әңгімелесуші мәселесін түсінуге, оның шешімін табуға тырысу;
- жай кеңес беруден гөрі мәселенің шешіміне ықпал ететін шешім қабылдауға итермелеу.

Сынып жетекшінің оқушымен әңгімелесуге осындай шарттар ұсынылады. Оның негізінде адамға өзін-өзі дамытуға талпынушы тұлға ретіндегі көзқарас, ал оқушыға дамушы, оқушыларға көмек көрсете алатын адам ретіндегі көзқарас жатыр.

Отбасы — тұлға қалыптастырушы бесік. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе», — деп ұлы ғұлама М. Әуезов әу заманнан бағыт беріп келеді [3].

Отбасыда адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасыда өз кезегімен қарапайым да жеңіл түрде шешіліп жататын көптеген мәселелер, ересек шақта шырғалаң күйге түсіп жататыны белгілі. Шынымен де, бар тәрбиенің бастауы бесікте, отбасында екені белгілі. Бесікте ананың сүтімен сусындап, бесік жырын тыңдап, отбасы мейірімін сезініп, еңбек қабілетін шыңдаған бала егемен еліміздің ертеңі.

Отбасылық кейбір тұжырымдарды саралай келе, келесідей қорытынды жасауға болады:

- ықпалы басқа айналадағы әсерден, мектептегі мұғалімнің әсерінен де мықты. Жас ұлғаюмен ол әсер азаюы мүмкін, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;

- қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапалары, қасиеттері, мінезі тек отбасында ғана дами бастайды;
- отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамдағы азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді;
- отбасының ықпалымен ғана бала санасына салт-дәстүр ұғымы беріледі;
- отбасының аса маңызды қызметтерінің бірі — азамат тәрбиелеу, ұлтжандылықты қалыптастыру, болашақ жанұя иегеріне дұрыс жол нұсқау және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;
- отбасының балаға болашақ мамндығына нұсқау беру, оның армандарына деген ықпалы орасан.

Қазіргі экономикалық жүйеге байланысты отбасындағы тәрбие жоқтығының кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды қарастыруға болады:

1. Көбінесе, көптеген еңбексүйгіш отбасыларда қаражат жағынан таршылық көруі.
2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі.
3. Отбасы анасы, яғни әйел, мойнына артылған ауыртпалық.

4. Әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық себептерден болып жатқан ерлі-зайыптылардың ажырасуы.

5. Бала тәрбиесінде ерте заманнан қоғамдағы отбасындағы ер адам мен әйел адамның атқартын ролі.

6. Бірнеше отбасылар арасындағы жан-жалдардан туындаған бәсеке.

7. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыстың төмендеуі.

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық.

Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс-қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагогтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагогтардың педагогикалық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Білім беру мекемелеріндегі тәрбиені жақсы жолға қою ретінде атқарылады:

- мұғалімдер дайындығының құрамдық сапасын және олардың жоғары педагогикалық мәдениетін арттырып қалыптастыру;
- білім мекемелерінде педагогикалық қызметке барынша жағымды жағдай тудыру;
- мұғалімдер құрамының өз бетінше білімдерін жетілдірулеріне мүмкіндік туғызу, педагогикалық шеберліктері мен мәдениетін жетілдіру;
- білім мекемелерінде әлеуметтік қызмет ұйымдастыру, девиантты іс-қимылды балалармен және жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу, мұғалімдер мен ата-аналарға көмектесу;
- білім беру мекемелеріндегі сабақтан тыс тәрбие жұмысының жүйесін дамыту;
- ата-аналарды тәрбие жұмысына жұмылдыру олардың педагогикалық даярлығын жетілдіру.

Отбасы мен мектептің өзара мақсатты әрекеттесуі отбасының, мектеп пен тұрғылықты жердегі әкімшілік органдардың балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық, іс-қимылдарының алдын алу және оны жеңу жолдарын қарастыру.

Мектеп пен отбасы балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесінде оң нәтиже беретін бірлескен әрекеттер жасауда. Сол мақсатта мынадай тәжірибелерді басшылыққа алуға болады:

- мектептерде ата-аналарға арналған әдістемелік семинарлар ұйымдастыру (ата-аналар дәрістері, ата-аналар семинарлары)

Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқының ауытқуы іс-қимылын болдырмау мақсатындағы әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің мынадай бағыттары анықталады:

- балалардың мінез-құлық, іс-қимылдарының әлеуметтік ауытқуындағы отбасының ролі;
- болашақ ата-аналарды отбасылық өмірге дайындау және өз балаларын тәрбиелеуі. Ол үшін мыналарды зерттеуі керек:
 - отбасы мүшелерінің қарым-қатынас негіздерін;
 - отбасы ішкі шиеленістер, оның пайда болу себептері, алдын алу мүмкіндіктері және жеңу жолдары;

- отбасы шаруашылығын жүргізу, отбасы қаржысы;
- балалық, жасөспірімдік кезеңдегі отбасылық тәрбие негіздері;
- отбасылық құқық негіздері. Бала құқықтары жөніндегі декларация және ата-аналар, олардың орнындағылардың құқығын анықтайтын құжаттар;
- отбасындағы жағымды адамгершілік қалыптарын отбасы ішілік қарым-қатынастарды, яғни отбасылық моральді-психологиялық ахуалды, сақтау;
- отбасы тәрбиесіндегі қателіктерге жол бермеу;
- баланың тұрақты адамгершілік бағыттары мен ұстанымдарын қалыптастыруы;
- балалық шақтан еріктік сапалары мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу арқылы адамгершілік-жігерлік қасиеттерін қалыптастыру;
- балаға күш көрсетіп, жәбірлеуге, ерік-жігерін төмендетуге немесе, керісінше, күш-қуатын қалыптастыруға жол бермеу, өйткені соның салдарынан олар әлсіз адамдарға зорлық жасауға, өктемдікке бейім келеді;
- балалар мен жасөспірімдерден ішімдікке, шылым шегуден бастартып, оларды құмар ойындарға әуестендіруге жол бермеу;
- баланы өзін-өзі тәрбиелеуге және онымен жұмыс жүргізу әдістемесіне үйрету.

Отбасы — адамзат қоғамның ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру [4].

«Баланың құқығы жөніндегі» Конвенцияда (1989) отбасында баланың құқын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббаты қажет. Толыққанды отбасы болуы үшін ата-ананың және отбасындағы басқа мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалуы тиіс.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты бағдар баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-бабадан қалған асыл мұраны сақтай білуге көңіл бөлу, халықтың тәлімдік-тәрбиелік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық пайдалы еңбекке баулуды үйрету қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс түзіліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып табылады.

Әр отбасы ата-тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған. Мысалы, ойын ойнау, көркем өнермен шұғылдану, еңбекке баланы қалыптастыру арқылы ересек адам мен баланың қарым-қатынасын нығайтуды көздеген.

Үлкенді құрметпен өнеге тұту, одан үлгі алу, біріккен шығармашылық еңбек етуді, белсенді іс-әрекетке баулуды дәстүрлі мерекелер, ұлттық өнер, ойын сайыстары арқылы іске асырған.

Туыстарға, айналадағыларға қамқор жасай білу, қиын жағдайға тап болғанда қол ұшын беру, туған жерді, табиғатты сүю, оны қорғау күнделікті өмір салтына айналған. Ересек бала өзінен кішіге қарым-қатынас жасай біліп, әлеуметтік-мәдени қалыптарды үйретіп, қамқорлық көрсетіп, өз ісіне жауапкершілікпен қараған. Отбасында қалыптасқан дәстүрлі мерекелерді өткізу арқылы баланың тұлғалық қасиетін жетілдіру жүзеге асырылған, мысалы, баланың дүниеге келуі, кәмелет жасқа толуы, үйлену тойы т.б.

Отбасылық қарым-қатынастың негізінде үнемі балаға қамқорлық көрсетіп, ол отбасы мүшесі, оның пікірі мен көмегі үлкендерге қажет деген сенімін қалыптастыру керек. Халық даналығына назар аударсақ, ол былай дейді: «Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң, онда арпа ек, он жылдық өміріңді ойласаң, онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң, онда бала тәрбиеле» [5].

Қазіргі уақытта бала тәрбиелеу көптеген отбасыларға қиындық туғызады. Отбасы ішіндегі мәселелер, ата-ананың күнделікті өмірдегі ұрысы, келіспеушілігі бала психикасына әсер етпей қоймайды. Отбасы шағын мемлекет десек, қандай мемлекет болмасын, уақыт өте бір дағдарыстарға ұшырайды. Ол мемлекет өз халқына жағыну үшін, халқын бірлікте ұстап тұру үшін тәртіп пен ұрпағының сол шағын мемлекеттің ішінде тәрбиесі терең, мазмұнды болашақ ұрпақ тәрбиесіне қажетті тамыр-

ын тереңге жайған бесік тербелу қажет. Ұрпақ өсіріп отырған ата-аналарға байланысты қазіргі таңда ұл бала тәрбиесі де, қыз бала тәрбиесі де көңіл көншітерлік жағдайда емес. Отбасын құратын жастар тек жеңіл жұмыс істеп, қиындықсыз өмір сүруді қалайды.

Әр адам өзін қоғамның саналы азаматы екенін түсінсе, осы бағытта отбасындағы ата-аналар бала тәрбиесіне уақытын бөліп қызмет етсе, алынбайтын қамал болмайтыны белгілі.

Балаларға ерекше қарайтын отбасылары да бар. Балаларына барлық жағдайды жасайды, ешнәрсе істетпейді, өз бетімен шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді. Мұндай отбасында тәрбие әр түрлі болады:

- тәрбиенің дұрыс жолда берілмеуі, балаға жетпеуі бұзақылыққа, тәртіп бұзушылыққа әкеліп соғады;
- құрғақ және қатал тәрбие (ата-аналар – бір, әжесі – басқа, мектеп – өз алдына тәрбиелегенде) түрлі психикалық ауруларға шалдықтырады.

Отбасы мен тәрбие берілуіне байланысты әр түрлі адамдар өсіп шығады: төзімді, еңбексүйгіш, тез ашуланшақ, жауапкершілігі жоқ, психикасы бұзылған т.б. Отбасындағы өзара қарым-қатынас балалық шақта ғана емес, өмірдің кейінгі жылдарында да маңызды болып қала береді. Ата-ана мен баланың арасында эмоциялық шынайы қарым-қатынастың болмауы, маңызды тұлғалық қатынастардың бұзылуы баланың жүйке дамуындағы кемістіктердің пайда болуына әкеліп соғады. Сондықтан отбасы тәрбиесінде ата-аналардың жалпы ұстанымы, педагогикалық мәдениеті, тәрбиелеу стилі, баламен өзара қарым-қатынасы басты рөл атқарады. Мұның өзі бізге отбасының әлеуметтік бейнесін сипаттауға мүмкіндік береді.

Отбасыларының әр түрлі болатыны белгілі: жақсы және нашар, толық және толық емес, ыдырайын деп тұрған және ыдыраған. Осындай отбасында балалар бар. Балаларға толық, бірақ қолайсыз отбасында өмір сүру өте қиын (отбасында ұрыс-керіс, жұбайлардың біреуінің өзін дұрыс ұстамауынан реніш, келіспеушілік, айқай-шу, тағы басқа жағдайлардың барлығы балаларға ауыр тиеді).

Отбасы тәрбиесінде ата-аналардың үйлесушілігі, мінезі, өз-өзін ұстауы да ерекше орын алады.

«Сіз өз балаларыңыздың тәрбиесін бастамас бұрын өзіңіздің мінез-құлқыңызды тексеріңіз ... сіздің жеке мінез-құлқыңыз — шешуші нәрсе... Ата-аналардың өздеріне талап қою, олардың өз отбасын қадірлей білуі, өзінің әрбір қадамын қадағалап отыруы — тәрбиенің ең басты және ең бірінші әдісі», — деп тұжырымдаған А.С. Макаренко. Ұлы педагогтың бұл ойымен келіспеске болмайды. Ата-ана әрқашан да баласына үлгі-өнеге болуы керек. Бұны тек ақыл-насихат ретінде айтпай, іспен көрсету арқылы тәрбиелесе, келесі ұрпақтың рухани тәрбиесінің шарықтағаны.

Тәрбиеленуі қиын оқушылар мен педагогтың оқудағы қарым-қатынасын, оқушылардың қараусыз қалушылығын педагогикалық рөлдің субъектпен байланысын көрсетуінде функционалдық байланыс бар. Мектеп қабырғасындағы эпизодтық төбелес, ұрлық, мұғалім мен оқушы арасындағы жанжал т.б. барлығы мектеп өміріндегі бұзақылықты қалыптастырады. Бұзақылық сипат оқушылардың қараусыз қалушылығының педагогикалық мінез-құлқын бейнелейді.

Қазіргі таңда отбасылардың арасындағы келіспеушілік, отбасындағы қарама-қайшылықтардың болуы балаға қатты әсер етеді. Отбасында берекенің болмауы, ата-балаға тәрбие беретін, ата-ананың жаман жолға, ішімдікке салынуы, нашакорлыққа бой ұруы, баланың алдында бір-бірін балағаттауы өсіп келе жатқан жеткіншек санасына теріс пікір қалыптасуын арттырады. Бала жасынан сүйіспеншілікке, отбасында махаббат мейіріміне бөленбей қатал, қатыгез болып, кейін жас өскен сайын қылмыскер болуы да ғажап емес. Қазіргі кезде отбасындағы жанжалды көрген балалар әкесінің анасына қол көтергенін көріп өсіп, кейде анасын қорғаймын деп, қылмысқа да барып қалып жатқан тұстар болады. «Тәртібі қиын оқушы» болып шыға келеді.

Балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие берсе, сөзсіз, тәрбиелі ұрпақ қалыптасатынына нық сеніммен қарауға болады. Осы орайда «егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А. Макаренконың пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген педагогикалық-психологиялық жүйе болуы керек. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін

меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала — біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [6].

Психология ғылымында дамуды меңгеру, игеру, тыңдау ретінде емес, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жасау, өзін-өзі құру ретінде қарастыратын басым тұжырымдама қалыптасқан (С.Л. Рубинштейн, В.П. Зинченко, А.Г. Асмолов, Б.С. Братусь т.б.). Әрбір адам өз алдына дербестікке ие бола отырып, дамуында қайталанбаушылықты құрайды. Сондықтан тәрбиесі қиын оқушылардың дамуындағы ерекшеліктерді былай көрсетуге болады:

- даму үрдісінде жыныстық айырмашылық ерекше мәнге ие болады, М.С. Егорова қыз балалар мен ер балалардың санаткерлік, тұлғалық сипаттары және тіл табысу ерекшеліктері жағынан айырмашылық бар екендігін бөліп көрсетеді. Мысалы, қыз балалар вербалды қабілеттері жағынан ер балаларды, ал ер балалар математикалық қабілеттері жағынан қыз балаларды басып озады. Сонымен бірге ер балалар агрессивті болып келеді, сондықтан балалар психиатриясы саласы бойынша көрнекті ағылшын маманы М. Раттер темперамент пен патологияның байланысын көрсетеді. Темпераменттің ерекшелігіне байланысты әрекеттерді орындау тәсілдеріне, оқушылардың мінез-құлқының стилінде мынадай көрсеткіштер бойынша шынайы айырмашылықтар байқалады: белсенділік, шапшаңдық деңгейі, әр түрлі биологиялық циклдердің басқарылуы (ұйқы, сергектік т.б.). Сонымен бірге балалар бейімделуге қабілеті жағынан да, яғни жағдайдың өзгеруіне байланысты, мінез-құлқын оңай өзгерту білігі бойынша; эмоциялық реакцияның қарқындылығына (қуанышқа және айқайға әр түрлі реакцияның болуы) қарай; қарым-қатынас жасау, тіл табысу сипаты бойынша дараланады. Сонымен бірге ерекше, өзіне тән темпераменті бар балалардың мінез-құлқында кертартпа сапалардың дамуы байқалып, мұның өзі оқушының тәрбиесін қиындатады;
- тәртібі қиын оқушылардың пайда болуына табиғи ерекшеліктер мен оқудың қиындығының байланысы да себеп болады (М.К. Акимова, В.Т. Козлова, О.А. Степанова т.б.). Оқу үлгерімінің төмен болуының бір себебі баланың өзінің жүйке жүйесінің ерекшеліктерін дұрыс қолданбауы және мұғалім мен ата-аналардың да бұл ерекшеліктерді ескермеуі болып табылады. Қазіргі түсінік бойынша даралық-типологиялық ерекшеліктерді ескеру және оларды педагогикалық үрдісте міндетті түрде есепке алу қажет. Мәселен, кейбір психологиялық зерттеулер өзінің нейродинамикалық ерекшеліктері бойынша әлсіз және жігерсіз оқушылар, көбінесе оқуға үлгермейді немесе оқу үлгерімі төмен болатынын дәлелдейді. Ал М.К. Акимова өз зерттеуінде жүйке жүйесі әлсіз және жігерсіз оқушылардың арасында үздік оқытындар да жиі кездесетінін атап көрсетеді. Сондықтан мұғалім мен ата-аналардың оқушының табиғи ерекшеліктері мен мүмкіндіктері арасындағы байланысты дұрыс ескермеу салдары тәртібі қиын оқушының пайда болуына негіз болады.

Қай заманда болмасын тәрбие берушілер, педагогтар, ата-аналар тәрбие беру түрін екі топқа бөлді, кейбірі балаға қаталдық танытуды дұрыс санаса, баланың тікелей бағынышты етуді, қатаң тыңдауын және тәртіптілігіне қолжеткізудің кепілі деп санаса, екіншілері тәрбиенің негізі балаларды мейрімде, қайырымдылықта қарау деп білді. Бірақ ешқайсысы баланың психологиясы, баланың темпераментіне қарай тәрбиелеу керек екенін ескермеді.

Ғылыми деректерге үңіле қарасақ, тәрбиесі қиын балалардан байқалатын бірден-бір белгілер: біріншіден, аномалды қажеттілік, екіншіден, тұрақты кері қасиеттер жиынтығы, үшіншіден, отбасы мүшелерімен немесе педагогтармен тұрақты егесу жағдайлары, төртіншіден, сыртқы фактордың, яғни басқа адамдардың, көмегінсіз өзін-өзі тәрбиелеуге деген қабілетсіздігі. Сынып жетекшілері тәрбиесі қиын баламен жүргізілетін жұмысты мына мәселелерден бастағаны жөн:

- «тәрбиесі қиын балалардың» жас ерекшеліктеріне мән беру;
- көп жағдайда бірінші орынға терең зерттеу, психологиялық-педагогикалық және медициналық мәселелерін міндетті түрде қарастыру;
- мектептегі жоспардағы жұмыстарды дұрыс орындау және оны қадағалау;
- психолог-мамандармен жиі әңгімелесіп, ол баланың көңілін таба білу керек.

Тәртібі қиын балалардың шығу себептері мыналар:

- 1) қоғамдағы жағдай мен отбасындағы тұрмысының қиындығы;

2) балалардың мінез-құлқының жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше болып қалыптасуынан немесе нормадан ауытқуынан;

3) мектепте бастауыштан педагогтардың дұрыс тәрбие бермеуінен.

«Елдің көркі тіл десек, отбасы көркі сәби ме дейсің», — деп Қ.Мырзалиев тегін айтпаған. Егер отбасы өз ұлттық тілінде сөйлесе, отбасы ішінде сыйластық, үйлесушілік болса, бұл отбасының дұрыс қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі ХХІ ғасырдың басты мәселесі болып дұрыс ұрпақ қалыптастыру, болашаққа нық сенімді болу табылады. Ұрпақтың мәдениетті, ұлттық санасының жоғары болуын қалыптастыру мақсат етіледі. Осынау заманның сан-қилы мәселелерімен ата-ананың бала тәрбиелеудегі үлкен қиындықтарға тап болатыныны да белгілі. Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытын дұрыс, орынды пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы келеңсіз жағдайлардан бастау алатындығы да болады. Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса, заман талабына сай мектеп пен ата-аналар дұрыс жолға қойылған тәрбиелік мазмұны жоғары жұмыстар атқарса іс нәтижелі болып жемісін беретіндігі сөзсіз [7].

Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Алтынсарин Б.* Таңдамалы шығармалары. — Алматы: Ғылым, 1994. — 76, 77-б.
- 2 *Керімов Л.К.* «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. — Алматы: Жазушы, 1991. — 25-б.
- 3 *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.* Педагогика. — Алматы: Атамұра, 2000. — 83, 84-б.
- 4 *Қалиева Г.* Қазақстан мектебі. — 2002. — № 4. — 22, 23-б.
- 5 *Қоянбаев Ж.Б.* Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. — Алматы: Рауан, 1990. — 234-б.
- 6 *Ахметжанова Н.* Мінез-құлқы қиын балалар // Ұлағат. — 2001. — № 1. — 29-б.
- 7 *Өтеген Қ.* Қазақстан мектебі. — 2012. — № 7. — 59, 60-б.

С.Х. Медиева, М.Р. Амирбекова, А.М.Бейсенбаева

Воспитание трудных детей как социально-педагогическая проблема

В статье отражены проблемы семейного воспитания. Дан обзор социально-психологических и педагогических исследований видных казахстанских ученых по этой проблеме. Рассмотрены условия среды, способствующей возникновению трудных детей в обществе, а также содержание видов работ, проводимых с такими детьми. Определены кредо и система принципов работы с трудными детьми, особенности в их воспитании. Подчеркнута необходимость профильного образования воспитателей, работающих в специализированных учебных заведениях.

S.H. Medieva, M.R. Amirbekova, A.M. Beisenbayeva

The education of difficult children as a socio-pedagogical problem

The article reflects the problem of family education. A review of the socio-psychological and pedagogical research of prominent Kazakh scientists on this issue. We consider the environmental conditions conducive to the emergence of difficult children in the community, as well as the content of the types of work carried out with children. Defined creed and principles of the system of work with difficult children, especially in their education. It stressed the need for specialized education teachers working in special schools.

References

- 1 Altynsarin Y. *Favorites proizvedeniya*, Almaty: Gylym, 1994, p. 76,77.
- 2 Kerimov L.K. «*Difficult*» children and questions, Almaty: Zhazushy, 1991, p. 25.
- 3 Koyanbaev Zh.B., Koyanbaev R.M. *Pedagogika*, Almaty: Atamura, 2000, p. 83, 84.
- 4 Kalieva G. *Kazakhstan mektebi*, 2002, 4, p. 22, 23.
- 5 Koyanbaev Zh.B *Family education of children and adolescents*, Almaty: Rauan, 1990, p. 234.
- 6 Ahmetzhanova N. *Ulagat*, 2001, 1, p. 29.
- 7 Otegen K. *Kazakhstan mektebi*, 2012, 7, p. 59, 60.

A.Zh. Dyusenbayev¹, A.A. Gorbachev², G.A. Ahmetzhanova³

¹*M. Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk;*

²*Krasnodar State Institute of Culture, Russia;*

³*Ye.A. Buketov Karaganda State University
(E-mail: dinkaz73@mail.ru)*

Professional competence as one of the conditions in the field of vocational guidance of pupils

In article problems of self-realization and a samoaktualization of the personality where professional activity holds a specific place are considered. In the conditions of market economy quality requirements of training of specialists which, in turn, directly depend on successful professional self-determination not only of graduates of the higher and secondary professional education, but also pupils of comprehensive school increase. Authors of article paid the main attention to a professional orientation of pupils, i.e. on rendering the psychology and pedagogical help in the choice of a profile of training, a way of continuation of education, in acquisition of a profession to them.

Key words: innovative technology, training, professional orientation, socio-economic situation, information, vocational guidance, vocational training, specializing in the design.

*To be educated is to have
an opportunity to discover new.*

Abu Nasyr al-Pharabi

Every young man throughout life's journey constantly have to make decisions. The problem decision-not always an easy task, because it is often the right choice depends on human well-being and sometimes-and his fate.

Career Guidance is a natural extension of the entire educational work with students, and in some sense it is the logical conclusion. Full help students in choosing a profession not only helps him to organize a very educational activity (when he is consciously studying school subjects, which may be useful to him in the future adult, working life), but also brings calmness elements in student attitude towards their future (when the optimistic life and professional perspective saves teen from the temptations of today's life).

At senior leading activity is training. They direct their efforts mainly on those subjects which in future will be linked to their professional activities. Therefore, we must help to broaden and deepen knowledge and skills related to their future profession. And teach adequately assess their abilities and opportunities.

The choice of profession determines the success of a professional career and life. At work, a person acquires friends, is included in the community of people with similar interests, the meaning of life. And if a person is not able to find themselves in the profession, is not satisfied with its results, he does not feel comfortable.

The increased demands of modern production to the level of professional training of personnel even more than before, to the urgency of the problem of professional orientation of young people, as a significant part of professional intentions of the students often do not meet the needs of the national economy in the frames of a certain profession. Youth Professional Orientation in nature is not only and not so much the problem of teaching. It is properly called a social problem for which solutions the efforts of some teachers is not enough. The essence of career guidance as a public problem manifests itself in the need to overcome the contradiction between the objective needs of society in a balanced structure of the frame and the prevailing subjective inadequate professional aspirations of young people. That is, according to the purpose of vocational guidance system must have a significant impact on the efficient allocation of labor resources, the choice of the life path of youth, its adaptation to the profession. «Vocational guidance system at the present stage of its development is designed to ensure coordination of government agencies, schools, families, institutions of vocational, specialized secondary, higher education and other social institutions involved in its implementation, continuous and timely resolution of scientific and organizational issues related to the vocational guidance, vocational guidance character complex design influences on the individual student, taking into account the socio-economic outlook».

The law «On education» RK: «The main task of the education system-the national human values, the achievements of science and practice, aimed at creating the necessary conditions for education in the formation and establishment of the professional basis of individuals, the introduction of new learning technologies, provides task of further development of the system education».

Model of the people, the young generation of the country since independence, along the path of ethical education is one of the key issues on this field. It is said that in order to address the main ideas and tasks of vocational guidance and vocational training to young generation [1].

In the words of Russian pedagogue K. Ushinskiy, in accordance with the requirements of modern times, each teacher should enhance their knowledge, rather than monotonous lessons, corresponding to the new requirements of the use of innovative technology in their daily lessons, only then will the lessons interesting, relevant and effective. As the President said: «In the future, to join the ranks of more developed countries, need to correspond to modern education. Kazakhstan in the developed countries will lead and make peer-education». Therefore, the current stage of development of the education system poses a problem of technology learning process.

Vocational training in many of the new socio-economic issues includes educational trends. Today is one of the most important issues considered becoming a professional expert point of view the lack of a lack of vocational training students. According to the teachers, each student has his own vision, passion and interest in the profession, must be active in making innovations and disclosure. These issues will have a direct impact on their development. For one of the main issues of vocational training shall be subject to the non-compliance of personal training, the possibility and ability of the student. In this case, the reason is the lack of work on the student's orientation to career choices. Part of these issues are found in the creative professions.

Professional orientation is joint actions of school teachers, engineers, doctors, engineers, teachers, family, labor groups aiming to prepare the younger generation to consciously choose your favorite specialty. Professional orientation of students in the world of professions, their content, particularly its requirements for an individual, who along the properties, production sectors of the economy challenges of development, education conscious interest in their chosen profession consistent with its role in a market economy. Vocational system guidance in practical ability, the need to integrate into the country's economy.

The purpose of career-oriented training of the younger generation in choosing a profession consciously, as you know, training. To do this, the students should show some kinds of education:

- internal psychological and social education, significant regulatory activities;
- self-consciously taking into account personal qualities, improve the performance of the professional orientation.

The main components of professional orientation:

1. Information of professional orientation;
2. With a young age to accustom public benefit performance;
3. Constitution for professional orientation;
4. Professional adaptation [2].

In working with the abilities to first create the motivation to achieve results, it is important to learn to work creatively.

In the Message to the people of Kazakhstan the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev said, — «We intend to fully update the content of vocational and technical education». This is an important high level professional and technical education, and support for state [3].

Vocational training, professional training are the most important sector of the education system; vocational training of workers and specialists, their training, retraining and advanced training. Initial vocational education is provided in vocational schools and colleges on the basis of basic general education and is aimed at training skilled workers in various fields of activity. Also, directly in the workplace, in educational and industrial plants, training centers that train workers and employees on courses and other educational and production structures being training in the profession. Secondary vocational education is given to students of colleges and vocational schools. The term of study in college 3-4 years. Available secondary education, as well as citizens with related specialty colleges can receive initial vocational training under the reduced, accelerated programs of vocational secondary education. Professional colleges combined to produce a basic secondary education, and it is aimed at training professionals receiving vocational secondary education. Young graduates of general and vocational high schools are educated in universities, institutes, academies and persons equated to them institutions [4].

Accelerating the pace of economic development (production of high-tech industries, construction), speaks of a certain level of skills shortages. Employers feel the shortage of specialized professionals. Therefore, should be in close contact with employers, training for educational institutions, demand in the labor market.

The state program of education development in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, technical and vocational education:

- industrial-innovation development of economy based on queries, update the structure of the content of technical and vocational education;
- development of training infrastructure for sectors of the economy;
- based enterprises, the number of trainees at the expense of the state order in schools, technical and vocational education increase in the proportion of students secured places for practice phased 90% increase;
- increase the proportion of students of technical and vocational education at the expense of the employer of the total number of students, 2% increase;
- increase the share of education institutions, technical and vocational education with modern teaching equipment, the total number of 90% is expected to increase.

To 2020 year:

- fully meet the needs of the labor market, training on the basis of the national qualifications system;
- in training and production workshops and laboratories to provide modern information technology training and production and processing equipment;
- to meet the specific requests of enterprises, cooperative learning a wide publication;
- training in technical and vocational education prestigious institutions will be attractive to young people;
- business and professional community to actively participate in the training and development of technical and vocational education;
- it is expected that work will be independent centers of qualification certification with the participation of employers in the sectors of the economy [5, 6].

Currently, West Kazakhstan State University. M. Utemisov, Department of Fine Arts and Design, 5V042100 «Design», 5V010700 «Fine Arts», 5V041700 «Decorative Arts» in the training of specialists in the field. Since almost all of this specialty in creative direction, it is very important to carefully explain to future students career guidance. Because, to train students obtained their knowledge are our graduates, teachers, jewelers, masters of textile architecture, designer, tailor, designer, advertising designers. Students who have little desire for creativity education causes in turn the complexity of teachers.

The basis of the weighted target policy head of state in the future competitive educate students of the XXI century. I am sure that, in accordance with this we are educating, forming highly creative person, scientist teacher researcher, gentle psychologist, diligent worker, comprehensive master deep connoisseur, humanist, with active patriots, only then there will be strong in the society and qualified, highly cultural, all-round development.

References

- 1 Профессиональная ориентация учащихся: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов; под ред. А.Д. Сазонова. — М.: Просвещение, 1988. — С. 223.
- 2 Сыздыкова Ә.И. Оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу // Мектептегі технология журн. — 2010. — №12. — 5, 6-б.
- 3 Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. Педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттеріне және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттері мен өндірістік оқыту шеберлеріне арн. оқулық. — Алматы: РАДиАЛ, 2006. — 240 б.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.akorda.kz
- 5 Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика: оқулық. — 2-бас. — Астана: Фолиант, 2010. — 656 б.
- 6 ҚР білім беруді дамытудың 2011—2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: tempuskaz.belight.net/files/pr_development_ru.doc

А.Ж. Дюсенбаев, А.А. Горбачев, Г.А. Ахметжанова

Кәсіби құзыреттілік оқушылардың кәсіби бағдар беру саласындағы міндеттердің бірі ретінде

Мақалада кәсіби бағдар беру саласындағы өзін-өзі іске асыру және өзін-өзі тану мәселелері қарастырылған. Нарықтық экономикада мамандарды сапалы дайындауда, жалпы білім беретін мектептерде және орта кәсіптік білім беру, жоғарғы оқу орындарында кәсіби бағдар беруде өзін-өзі бағыттау зерттелген. Авторлар мамандықты таңдауда оқушылардың кәсіби бағдар беру саласында, бейінді оқытуда психологиялық-педагогикалық көмек қажет ететіндігіне назар аударған. Сонымен қатар білікті жұмыс кадрларын даярлау жүйесі, оқу жүйесіндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстары жайлы пікірлермен бөлісті.

А.Ж. Дюсенбаев, А.А. Горбачев, Г.А. Ахметжанова

Профессиональная компетентность как одно из условий в сфере профориентации учащихся

Рассмотрены проблемы самореализации и самоактуализации личности, где профессиональная деятельность занимает особое место. Отмечено, что в условиях рыночной экономики возрастают требования к качеству подготовки специалистов, которые, в свою очередь, напрямую зависят от успешного профессионального самоопределения не только выпускников высшего и среднего профессионального образования, но и учащихся общеобразовательной школы. Основное внимание уделено профессиональной ориентации учащихся, т.е. оказанию психолого-педагогической помощи в выборе профиля обучения. Показаны пути продолжения образования при приобретении профессии.

References

- 1 *Professional orientation of students*: Text book for students pedagogical specialties.; edition A.D. Sazonova. — Moscow: Prosveshchenie, 1988, 223 p.
- 2 Syzdykova A.I. *School Technology magazine*, 2010, 12, 5–6 p.
- 3 Ustemirov K. *Training techniques*, Textbook for students of pedagogical specialties of higher and secondary vocational education institutions and students of vocational training institutions and trainers, Almaty: RADiAL, 2006, 240 p.
- 4 Message from the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to people of Kazakhstan, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/>
- 5 Kurmanalina Sh., Mukanova B., Galymova A., Ilyasova R. *Pedagogy: textbook, 2nd edition*, Astana: Foliant, 2010, 656 p.
- 6 The state program of education development of RK for 2011-2020, [ER]. Access mode: tempuskaz.belight.net/files/pr_development_ru.doc

М.А. Жетписбаева, Т.Д. Асылбек

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: zhetpisbajeva_m@mail.ru)*

Особенности инклюзивного образования: опыт Финляндии

В статье представлен зарубежный опыт инклюзивного образования, в частности, Финляндии, которая демонстрирует одну из эффективных моделей инновационной системы образования. Отмечено, что в финской системе школьного образования одной из основных ценностей является инклюзивность, реализуемая в соответствии с принципом «школа для всех». Определены следующие особенности инклюзивного образования в Финляндии: инклюзивный подход как основополагающий принцип организации базового образования, создание интегрирующей образовательной среды, разработка современной Концепции развития инклюзивного образования, подготовка профессиональных кадров к работе в инклюзивной среде в педагогических вузах или на педагогических факультетах университетов, использование в школах различных форм инклюзивного обучения.

Ключевые слова: инклюзивное образование, инклюзивная школа, специальная педагогика, инклюзивная среда, дети с ограниченными возможностями в развитии, совместное преподавание.

В современном мире одной из ведущих тенденций развития школьного образования является обеспечение права образования для всех. Представляя свое видение образования для всех, участники Всемирного форума по образованию в Дакаре (2000 г.) заявили, что для достижения этой цели исключительная важная роль принадлежит инклюзивному (включающему) образованию. В Конвенции о правах инвалидов провозглашено право детей на обучение в школах по месту жительства независимо от наличия физических, интеллектуальных или иных особенностей. Статья 24 данного международного документа гласит, что государства-участники признают право инвалидов на образование. В целях реализации этого права без дискриминации и на основе равенства возможностей государства-участники обеспечивают инклюзивное образование на всех уровнях и обучение в течение всей жизни [1]. Республикой Казахстан Конвенция о правах инвалидов ратифицирована Законом «О ратификации Конвенции о правах инвалидов» от 20 февраля 2015 г. № 288-V.

